МАШИНА ЖАСАУ - МАҢЫЗДЫ САЛА

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде "Машина жасау және робототехникадағы инновациялық технологиялар" атты республикалық ғылыми-тәжірибелік семинар өтті. Оған алматылық, астаналық және жергілікті ғалымдар мен машина жасау саласында ойып алар орны бар "Петропавл ауыр машина жасау" және "С.М.Киров атындағы зауыт" акционерлік қоғамының инженерлері қатысты.

Алматы қаласындағы Өмірбек Жолдасбеков атындағы Механика және машинатану институтының біздің университетпен ынтымактастык орнатканына біраз жыл болды. Бұл семинар қос білім ошағы арасындағы байланысты нығайту үшін ұйымдастырылып отыр. Шара басында жергілікті жоғары оқу орны басшысының міндетін атқарушы Рената Апергенова қонақтарға сый-сияпат көрсетіп, университет медалін табыс етті. Алматылық меймандар да құр алақан келмепті. Университеттегі бес маманға Ұлттық инженерлік академиясының сертификатын табыс етті.

Семинарға қатысқан ғалымдар "Инновациялық технология-



лар трансферті үшін озық білімді алаң құру маңызды", – деген тоқтамға келді. Өңіріміздің тумасы, академик Амандық Телешов машина жасау саласына улес қосып жүрген жастарды тәрбиелеуде. Ол алдағы уақытта солтүстікқазақстандық жоғары оқу орнымен, өндіріс орындарымен бірлесе ел экономикасына елеулі үлес қосатын жобаларды жүзеге асырмақ. Ө.Жолдасбеков атындағы институт директорының орынбасары, жас ғалым Мөлдір Қуатова баяндама жасады. Осы саланың жілігін шағып, майын ішіп жүрген жергілікті ғалымдар да өз ойларын ортаға салып, тәжірибелерімен бөлісті.

Конференцияда еліміздің ғылыми-технологиялык саясатының жаңа ережелері, терең ұңғымалық сорғы қондырғысының қызмет ету мерзімін ұлғайту бойынша конструкторлык және технологиялық шешімдерді әзірлеу мәселелері, сорғы жабдықтарының заманауи сымсыз диагностикалык технологиялары және басқа да мәселелер қаралды. Кездесу соңында екі жақ өзара ынтымақтастық туралы келісімге қол қойып, меймандар "Петропавл ауыр машина жасау зауытына" экскурсияға аттанды.

> Әйгерім МАРАЛОВА, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің студенті.

Tahiğat anan